Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде жиынтығында Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларының 91,27%-ын құрайтын Қоғамның 111 707 дауыс беретін жай акциясына иелік ететін 3 акционер тіркелді және қатысып отыр.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 1-тармағына сәйкес, егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні)

оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентіне иелік ететін акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Осылайша, «СК «Коммекс-Өмір» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы құқықты деп танылды.

Жиналысты Басқарма Төрағасы Ханин О.А. мырза ашты және акционерлер мен шақырылған тұлғаларға амандасып, Жиналыстың жұмыс органдарын – төрағаны, хатшыны және есеп комиссиясын сайлауды ұсынды.

Жиналыстың төрағасы етіп Турысбеков Б.А. мырзаны, Жиналыстың хатшысы етіп – Корпоративтік хатшы - Булгакбаева З.Д. ханымды сайлау туралы ұсыныс келіп түсті. Есеп комиссиясының құрамына кіргізу үшін келесі тұлғалар ұсынылды: Шведкова Ю.С., Джунисбеков С.А., Ким Т.П.

Басқа ұсыныстар түскен жоқ.

Дауыс беру ашық тәсілмен (кол көрсету арқылы) өткізілді.

**Дауыс беру нәтижелері:**

Жиналыс төрағасын сайлау:

«Қолдады» - 111 707 дауыс;

«Қарсы» - 0 дауыс;

«Қалыс қалды» - 0 дауыс.

Жиналыс хатшысын сайлау:

«Қолдады» - 111 707 дауыс;

«Қарсы» - 0 дауыс;

«Қалыс қалды» - 0 дауыс.

Есеп комиссиясын сайлау:

«Қолдады» - 111 707 дауыс;

«Қарсы» - 0 дауыс;

«Қалыс қалды» - 0 дауыс.

Жиналыс төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесі ұсынған күн тәртібін жариялады:

1. Жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру портфелін табыстау туралы.
2. Атауын, сақтандыру саласын өзгерту және сақтандыру портфелін табыстау туралы.
3. «Сақтандыру компаниясы «Коммекс-Өмір» АҚ оған еншілес ұйым - «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ қосу нысанында акционерлік қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы.
4. Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау.

Күн тәртібіне қарсылық пен толықтыру түскен жоқ. Акционерлерге Жиналыстың күн тәртібін ұсынылған редакцияда бекіту үшін дауыс беру ұсынылды.

Есеп комиссиясының төрағасы күн тәртібін бекіту бойынша дауыс беру нәтижесін жариялады:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санының %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»	0	0

Күн тәртібі ұсынылған редакцияда қабылданды.

Дауыс беру нысанын таңдау мақсатында дауыс беруді ашық тәсілмен өткізу туралы ұсыныс түсті.

Дауыс беру нысаны бірауыздан таңдалды.

Жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға кіріседі.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша** Басқарма Төрағасы Ханин О.А. мырзаға сөз берілді. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 22.06.2022ж. №03-4-13/630 хатымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасының әзірленгені туралы хабарлады. Кейіннен аталған Заң 2022 жылғы 12 шілдеде №138 бұйрығымен қабылданып, 2022 жылғы 12 қыркүйекте қолданысқа енгізілді.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, «жалпы сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы:

- 01.01.2023ж. дейін ЖОМС бойынша сақтандыру портфелін сақтанушының (қайта сақтанушының) келісімін алмастан «өмірді сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) компаниясына табыстауға және осындай табыстау іске асқан күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде аталған сақтандыру портфелінің табысталғаны туралы сақтанушыларды (қайта сақтандырушыларды) міндетті түрде хабардар етуге және сақтандыру портфелін қабылдаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы ақпаратты жіберуге;

- ЖОМС бойынша сақтандыру портфелін табыстаған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде лицензиялық алымды төлемей лицензияны қайта рәсімдеуге міндетті.

Басқарманың 09.09.2022ж. шешімімен және №36 хаттамасымен уәкілетті органның ұсынымдарын ескере отырып әзірленген Жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру аясындағы сақтандыру портфелін 2023 жылғы 01 қаңтарға дейінгі мерзімде табыстау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Сақтандыру портфелін табыстау тәртібі «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-1-бабымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

Осылайша, осы жиналыс өткізілген кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 жылғы №262 қаулысымен бекітілген Сақтандыру портфелін беру қағидаларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау немесе лицензиядан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің қағидалары бойынша (бұдан әрі - Қағидалар), сақтандыру портфелін табыстау туралы сақтандыру ұйымының шешімі шешім қабылданатын күні сақтандыру ұйымында сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін активтер жеткілікті болған жағдайда қабылданады.

Сақтандыру портфелін табыстау үшін сақтандыру ұйымы активтерінің жеткіліктілігі қабылданған міндеттемелерге сәйкес қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің мөлшеріне негізделіп айқындалады.

Сақтандырушыны-иелігіне алушыны таңдау келесі өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) сақтандыру портфеліне кіргізілген сақтандыру шарттары табысталатын сақтандыру кластарын жүзеге асыруға уәкілетті органның берген лицензиясының (лицензиясының) болуы;

2) алдағы уақытта сақтандыру портфелінің қабылдануын ескере отырып, соңғы есепті күндегі пруденциалдық нормативтердің және сақталуы міндетті басқа да нормативтер мен лимиттердің және одан кейінгі 2 (екі) жылға арналған пруденциалдық нормативтердің болжамды мәндерінің орындалуы;

3) сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін қабылдау ниеті туралы өтініш берген кезде уәкілетті орган қолданған күшіндегі қадағалау іс-қимылы шараларының және (немесе) санкциялардың болмауы;

4) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысуы.

Сақтандыру портфелін табыстауға негіз, басқасына қоса, сақтандыру ұйымының уәкілетті тұлғасының (уәкілетті тұлғаларының) сақтандырудың бір немесе бірнеше

сыныбы бойынша сақтандыру портфелін табыстау туралы шешімі, лицензиядан сақтандырудың жекелеген кластарын алып тастау, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензияны ерікті түрде қайтару болып табылады.

Осы орайда Қағидаларда құзыретіне сақтандыру портфелін табыстау туралы шешім қабылдау кіретін орган анықталмаған. Қағидалардың 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес уәкілетті тұлға (уәкілетті тұлғалар) – сақтандыру портфелін ішінара (бір немесе бірнеше сақтандыру сыныбы бойынша) немесе толық беру туралы шешім қабылдау құқығы бар сақтандыру ұйымының тұлғасы (тұлғалары).

27.09.2022 ж. № 03-3-17 / 1209 хатқа сәйкес кызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру портфелін беру жөніндегі іс-шаралар жоспары 2023 жылғы 01 қаңтарға дейінгі мерзімде реттеушімен келісілген.

Жоғарыда айтылғандарды назарға ала отырып, заңнама талаптарын орындау мақсатында акционерлердің жалпы жиналысына мынадай шешім қабылдау ұсынылады:

1. 2023 жылғы 01 қаңтарға дейінгі мерзімде жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру портфелін табыстау және Жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру портфелін табыстау жөніндегі іс-шаралар жоспары мақұлданын.

2. Директорлар кеңесіне: жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру портфелін табыстау туралы, сақтандыру портфелі табысталатын сақтандырушыны-иелігіне алушыны таңдау туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілсін.

3. Басқарма Төрағасына сақтандыру портфелін табыстау туралы шартқа қол қоюға уәкілеттік берілсін.

4. Атқарушы орган сақтандыру портфелін табыстау үшін қажетті, заңнамада көзделген шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

Бұл баяндама бойынша сұрақтар түскен жоқ.

Жиналыс төрағасы ұсынылған шешімдерге дауыс беруді ұсынды.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша** Басқарма Төрағасы Ханин О.А. мырза сөз сөйледі. «Өмірді сақтандыру» саласының келешегі зор екеніне, нарықтың осы сегментінің одан әрі дамуына, «Сентрас Капитал» сақтандыру холдингінің басқару құрылымын, басқару процестерін және шығыстарын оңтайландыруға байланысты акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қарауына оның атауын, сақтандыру саласын өзгерту және сақтандыру портфелін табыстау мәселесі қойылып отыр.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру саласын өзгерту тәртібі «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 38-1-бабымен реттеледі.

Сонымен, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру саласын өзгертуге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің құрылуына рұқсат беру кезінде ұсынған бизнес-жоспардың мерзімі аяқталғаннан және ол орындалғаннан кейін, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлері жалпы жиналысының шешімі негізінде жол беріледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру саласын өзгерту үшін уәкілетті органға өтінішхат мынадай құжаттармен қоса ұсынылады:

1. сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауын және сақтандыру саласын өзгерту туралы шешімі (мұндай шешім қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында болмаған жағдайда);

2. іс-шаралар жоспарының әрбір тармағы бойынша орындау мерзімдерін және жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып, мына төмендегі рәсімдерді сақтай отырып сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру саласын өзгерту жөніндегі іс-шаралар жоспары;

1) сақтандырудың жекелеген сыныптарын және (немесе) қызмет түрін лицензиядан алып тастау, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру саласын өзгерту, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға лицензияны ерікті түрде қайтару және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде тарату және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асырмайтын заңды тұлға етіп ерікті түрде қайта ұйымдастыру кезінде сақтандыру портфелін табыстауды реттейтін Заңның 37-1-бабында көзделген тәртіппен сақтандырудың жаңа саласымен біріктіруге жатпайтын сақтандыру сыныптары (түрлері) және қызмет түрлері бойынша сақтандыру портфелін табыстау не тиісті сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын мерзімінен бұрын тоқтату;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу;

3) уәкілетті органға жаңа сақтандыру саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алуға өтінішті атқарушы органның басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға күшіндегі лицензиясы бар актуарий қол қойған және директорлар кеңесі бекіткен бизнес-жоспарды және лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін қоса тіркеп ұсыну.

Уәкілетті орган сақтандыру саласын өзгерту жөніндегі іс-шаралар жоспарын мақұлдағаннан кейін Компания акционерлердің жалпы жиналысы сақтандыру саласын өзгерту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 6 айдан аспайтын мерзімде осы жоспарда көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Сақтандыру саласын өзгерту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру кезеңінде жаңа сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасуға, соның ішінде қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының мерзімін ұзартуға және сақтандыру сыйлықақысын, Компанияның жауапкершілік көлемін арттыруды көздейтін өзгеріс енгізуге, сондай-ақ сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалдығын жүзеге асыруға тыйым салынады.

Біріктіруге жатпайтын сақтандыру сыныптары мен түрлері бойынша бұрын жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша Компания сақтандыру портфелі табысталғанға дейін немесе сақтандыру портфелін табыстау шеңберінде олар мерзімінен бұрын тоқтатылғанға дейін өзіне қабылданған міндеттемелерді орындауға міндетті.

Сақтандырудың жаңа саласымен біріктіруге жататын сақтандыру сыныптары және қызмет түрлері жөніндегі сақтандыру шарттары бойынша Компания олардың қолданылу мерзімі өткенге дейін не сақтандыру шартының талаптарынан туындайтын міндеттемелерді орындағанға дейін өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру саласы өзгерген кезде Заңның 26 *(Сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы)*, 32 *(Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру холдингтерінің ұйымдардың капиталдарына қоса қатысуы)* және 34-баптарында *(басшы қызметкерлерге қойылатын талаптар)* көзделген келісімдерді және (немесе) рұқсаттарды алу осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру саласы өзгергенге дейін тиісті келісімдері және (немесе) рұқсаттары бар жеке және (немесе) заңды тұлғалар үшін талап етілмейді.

Осы мәселе акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізілген кезде сақтандыру саласын өзгертуге кедергі болатын негіздер жоқ. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық талаптарды; өтінішхат берілгенге дейінгі 6 ай кезеңінде пруденциалдық нормаларды және сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтап отыр; оған қатысты күшіндегі қадағалау іс-қимылдары мен санкциялар жоқ; сақтандыру саласын өзгертудің нәтижесінде сақтанушылардың, сақтандырылған тұлғалардың, пайда алушылардың құқықтарын бұзып отырған жоқ.

Жоғарыда айтылғандай, сақтандыру саласының өзгеруі Компанияның атауын өзгертуді талап етеді. Заңның 23-бабының талаптарын, еншілес ұйымды қосу түріндегі жоспарланып отырған ерікті қайта ұйымдастыруды ескере отырып, Компанияның атауын



«Сактандыру компаниясы «Коммекс-Өмір» АҚ дегеннен «Коммекс-Өмір» өмірді сактандыру компаниясы» АҚ етіп өзгерту ұсынылып отыр.

Заңның 31-бабы бойынша құрылтай құжаттарына енгізілетін, Корпорацияда қайта тіркелуді талап ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік тіркелгеннен кейін сактандыру (қайта сактандыру) ұйымы қайта тіркелу күнінен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмесін ұсынуға міндетті.

Сактандыру (қайта сактандыру) ұйымының сактандыру портфелін беруі соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде сактандыру (қайта сактандыру) ұйымының сактандыру саласы өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

Сактандыру портфелін табыстау тәртібі «Сактандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-1-бабымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады және күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша баяндамада айтылды.

Жоғарыда айтылғандарды назарға ала отырып, акционерлердің жалпы жиналысына келесі шешім қабылдау ұсынылады:

1. Компанияның атауы «Сактандыру компаниясы «Коммекс-Өмір» АҚ дегеннен «Коммекс-Өмір» өмірді сактандыру компаниясы» АҚ болып өзгертілсін.

2. Компанияның сактандыру қызметі «жалпы сактандыру» саласынан «өмірді сактандыру» саласына өзгертілсін.

3. Сактандыру портфелін «өмірді сактандыру» саласымен біріктіруге жатпайтын сактандыру сыныптары (түрлері) мен қызмет түрлері бойынша табыстау мақұлданып немесе тиісті сактандыру (қайта сактандыру) шарттары «Сактандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37-1-бабында көзделген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

4. «Жалпы сактандыру» сактандыру саласы «өмірді сактандыру» саласына өзгерту жөніндегі іс-шаралар жоспары келісілсін.

5. Директорлар кеңесіне мынадай шешім қабылдауға уәкілеттік берілсін: өмірді сактандыру саласымен біріктіруге жатпайтын сактандыру сыныптары (түрлері) және қызмет түрлері бойынша сактандыру портфелін табыстау туралы, сактандыру портфелі табысталатын сактандырушыны - иелігіне алушыны таңдау туралы.

6. Басқарма Төрағасына сактандыру портфелін табыстау туралы шартқа қол қоюға уәкілеттік берілсін.

7. Қоғамның Жарғысы жаңа редакцияда бекітілсін. Басқарма Төрағасы Ханин О.А. мырзаға Қоғамның Жарғысына қол қоюға уәкілеттік берілсін.

8. Тапсырма:

- Атқарушы орган бизнес-жоспарды әзірлесін және қол қойсын;

- Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензиясы бар актуарий қол қойған бизнес-жоспарды бекітсін.

9. Атқарушы орган осы шешімді іске асыру үшін қажетті іс-шаралар жоспарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық іс-шаралар мен рәсімдердің белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылуын камтамасыз етсін.

Бұл мәселе бойынша баяндама бойынша қарсылық немесе басқа да ұсыныстар түскен жоқ. Жиналыс төрағасы ұсынылған шешімдерге дауыс беруді ұсынды.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша** Басқарма Төрағасы Ханин О.А. мырза сөз сөйледі. «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ-ны «Сактандыру компаниясы «Коммекс-Өмір» АҚ-ға қосу нысанындағы қайта ұйымдастыру «Сентрас Капитал» сактандыру холдингі шеңберіндегі басқару процестерін оңтайландыру, операциялық тиімділікті арттыру, өндірістік және басқару шығындарын азайту мақсатында жүзеге асырылады.

Қосылудың нәтижесінде «Сактандыру компаниясы «Коммекс-Өмір» АҚ осы күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша шешімге сәйкес өзгертілген атаумен («КСЖ «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ) «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ-ның құқықтық мирасқоры ретінде еншілес ұйымның сактандыру портфелін алады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын (сақтандыру холдингін) ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру немесе аталған рұқсатты беруден бас тарту тәртібі «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңының 62, 63-баптарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуы уәкілетті органның рұқсаты болған кезде жүзеге асырылуы мүмкін.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) ерікті түрде қайта ұйымдастырылуын жүргізу үшін рұқсат алуға өтінішхат беру үшін осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы (сақтандыру холдингі) акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы шешімінің болуы негіз болып табылады, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы (сақтандыру холдингі) осындай шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде қайта ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса тіркеп, оны уәкілетті органға жібереді.

Қайта ұйымдастырылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы (сақтандыру холдингі) уәкілетті органның қайта ұйымдастыру жүргізуге рұқсатын алған күннен бастап 2 апта ішінде өзінің барлық сақтандырушыларын алдағы өзгерістер туралы тікелей хабардар ету және тиісті хабарландыруды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын қазақ және орыс тілдерінде шығатын кем дегенде 2 мерзімді баспасөз басылымында және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының интернет-ресурсында жариялау арқылы хабардар етуге міндетті.

Мәселе акционерлердің жалпы жиналысының қарауына қойылған кезде ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беруден бас тартуға негіз жоқ. Ұйғарылып отырған ерікті қайта ұйымдастыру нәтижесінде Компания сақтанушылардың және басқа кредиторлардың заңды мүдделерін, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің ең төменгі шарттарын, сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді және заңнамамен белгіленген өзге талаптарды, бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзып отырған жоқ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 24.02.2012ж. №54 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуына рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту қағидалары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қайта ұйымдастыруға рұқсат өтініш беруші орындалуы іс-шаралар жоспарында белгіленетін келесі шарттарды сақтаған:

- қайта ұйымдастырылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы (сақтандыру холдингі) белгілеріне сәйкес келетін тұлғалардан ірі қатысушы (сақтандыру холдингі) мәртебесін алуға жазбаша келісімі болған;

- қайта ұйымдастырылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерінің болжамды мәндері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін;

- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген жағдайларда, монополияға қарсы органның болжанып отырған қайта ұйымдастырудың нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарының орындалуы туралы қорытындысын ұсынған жағдайда беріледі.

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 81, 83-баптары бойынша қоғамды қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Егер қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өзінің қызметін тоқтатса, оның акциялар шығарылымының күші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

Қоғамның басқа қоғамға қосылуы қосылатын қоғамның қызметінің тоқтатылып, оның бүкіл мүлкінің, құқықтары мен міндеттерінің қосылу туралы шарттың негізінде және табыстау актісіне сәйкес басқа қоғамға табысталуы таңылады. Қосылу туралы шартқа қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың атқарушы органдарының басшылары қол қоюға тиіс. Табыстау актісіне қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың атқарушы органының басшылары мен бас бухгалтерлері қол қоюға тиіс.

Еншілес ұйымның орналастырылған акцияларының жүз пайызына иелік ететін негізгі ұйымның акционерлерінің (жалғыз акционерінің) жалпы жиналысы оған еншілес ұйымның жарғылық капиталын ұлғайтпай қосылуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қосылатын қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының қарауына қосылу нысанында қайта ұйымдастыру туралы мәселені қояды.

Басқа қоғамды қосып алатын қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қоғамды оған басқа қоғамды қосу нысанында қайта ұйымдастыру туралы мәселені қояды.

Қосылу туралы шешім басқа қоғамды қосып алатын қоғамның және қосылатын қоғамның акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында әр жеке қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын көпшілік дауысымен қабылданады.

Акционерлердің бірлескен жалпы жиналысының қосылу туралы шешімінде қосылуға қатысатын әр қоғамның атауы, орналасқан жері, басқа қоғамды қосып алатын қоғамның акцияларын орналастыру (өткізу) бағасы, қосылудың басқа да шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Қосылатын қоғам, сондай-ақ басқа қоғамды қосып алатын қоғам өздерінің барлық кредиторларына қосылу нысанында қайта ұйымдастырылуы туралы жазбаша хабарламалар жіберуге және қазақ және орыс тілдерінде тиісті хабарландыруларды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Қосылу кезінде қызметін тоқтатқан заңды тұлға Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылуға тиіс (Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығару оған заңды тұлғаның қызметін тоқтатуы туралы мәліметтерді енгізу жолымен жүзеге асырылады), бұл туралы Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығару туралы бұйрықта немесе мемлекеттік қайта тіркеу, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаны қосып алған заңды тұлғаны қайта тіркеу, оның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу кезінде көрсетіледі.

Жоғарыда айтылғандарды назарға ала отырып, акционерлердің жалпы жиналысына келесі шешімді қабылдау ұсынылады:

1. «КСЖ «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ-ны «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ға қосуға алдын ала келісім беру.

2. Директорлар кеңесі «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ-ның Директорлар кеңесімен бірлесіп:

2.1. қосылу туралы шартты және табыстау актісін әзірлесін;

2.2. акционерлердің бірлескен жалпы жиналысын шақырсын және оның қарауына қосылу түріндегі қайта ұйымдастыру, қосылу туралы шартты және табыстау актісін бекіту туралы мәселені, сондай-ақ қайта ұйымдастыру шеңберінде шешуді қажет ететін өзге де мәселелерді қойсын.

Баяндама бойынша сұрақтар түскен жоқ.

Төрағалық етуші сынылған шешімдерге дауыс беруді ұсынды.

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша** Басқарма Төрағасы Ханин О.А. мырза сөз сөйлеп, «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңының 20-бабының 2-тармағына сәйкес, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру холдингінің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдардың, сондай-ақ сақтандыру тобына кіретін ұйымдардың бір аудиторлық ұйымда қатарынан жеті жылдан аса не аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторда қатарынан бес жылдан аса өзінің қызметіне аудит жүргізуге құқығы жоқ екенін хабарлады.

«Grant Thornton» ЖШС Қоғамның қызметіне аудитті 7 жыл қатарынан жүргізді, осыған байланысты жаңа сыртқы аудиторды анықтау қажет.

26.05.2022ж. өткен Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына дайындық барысында Басқарма 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның аудитін жүргізу бойынша коммерциялық ұсыныстар беру үшін аудиторлық ұйымдарға жүгінді, алайда

геосаяси тәуекелдерге орай, атап айтқанда, үлкен 4-тік аудиторларының Ресей Федерациясынан кетуі себебімен, аудиторлық ұйымдар өз ұсыныстарын барлығы бірдей берген жоқ. Осылайша, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілген кезде Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық ұйымды таңдау туралы ұсынысқа қатысты шешім қабылдай алмады.

2022 жылғы 26 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау мәселесін қараусыз қалдыру туралы шешім қабылдады. Директорлар кеңесіне 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымдардан коммерциялық ұсыныстар жинау, акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық ұйымды таңдау бойынша ұсынымдар беру және Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін кезектен тыс жалпы жиналыс шақыруды қамтамасыз ету тапсырылды.

Коммерциялық ұсыныстарды жинау нәтижесінде Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде «ALMIR CONSULTING» ЖШС анықтауды ұсыну туралы шешімге келді.

«ALMIR CONSULTING» ЖШС:

- өзінің қызметін 27.11.1999ж. берілген №0000014 аудиторлық қызметпен айналысуға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады;

- «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) Эмитенттердің қаржылық есептілігі және аудиті жөніндегі биржалық кеңесінің шешімімен «ALMIR CONSULTING» ЖШС 30.06.2011ж. бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізіміне енгізу үшін эмитенттердің қаржылық есептілігін жүргізуі және алаңына қарамастан олардың осы тізімде болуы үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын Биржаның 1-деңгейіндегі біліктілік талаптарына сәйкес келетін, Биржа мойындаған аудиторлық ұйымдардың тізіміне енгізілген;

- 2011ж. бастап IECnet халықаралық бухгалтерлік желісінің қызмет ететін толық мүшесі;

- «Қазақстан Республикасының Аудиторлар алқасы» кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі;

- 2020 жылдың маусымында «Қазақстан Республикасының Аудиторлар алқасы» кәсіби аудиторлық ұйымының аудиторлық қызметтің сапасын және кәсіби әдептің сақталуын бақылауынан өтіп, «5» деген баға алды;

- Қазақстан Республикасының маркетингтік-экономикалық стратегиясы аясында «Рейтинг алтыны» санаты бойынша көшбасшы мәртебесін алды;

- ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі» сертификаты бар.

«ALMIR CONSULTING» ЖШС-нің аудиттелетін субъектіге зиян келгені үшін жауапкершілігі «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ-да сақтандырылған (сақтандыру полисі №1304215X363903Н 25.05.2021ж. берілген).

Акционерлер тарапынан сұрақ пен қарсылық болған жоқ. Жиналыс төрағасы 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде «ALMIR CONSULTING» ЖШС анықтау туралы ұсынысқа дауыс беруді ұсынды.

Есеп комиссиясының төрағасы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру нәтижесін оқып берді:

**Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша:**

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санының %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»	0	0

**Қабылданған шешім:** 1. 2023 жылғы 01 қаңтарға дейінгі мерзімде жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру портфелін табыстау және Жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін

орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру портфелін табыстау жөніндегі іс-шаралар жоспары мақұлданын.

2. Директорлар кеңесіне: жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру портфелін табыстау туралы, сақтандыру портфелі табысталатын сақтандырушыны-иелігіне алушыны таңдау туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілсін.

3. Басқарма Төрағасына сақтандыру портфелін табыстау туралы шартқа қол қоюға уәкілеттік берілсін.

4. Атқарушы орган сақтандыру портфелін табыстау үшін қажетті, заңнамада көзделген шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

#### Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санының %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»	0	0

**Қабылданған шешім:** 1. Компанияның атауы «Сақтандыру компаниясы «Коммек-Өмір» АҚ дегеннен «Коммек-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ болып өзгертілсін.

2. Компанияның сақтандыру қызметі «жалпы сақтандыру» саласынан «өмірді сақтандыру» саласына өзгертілсін.

3. Сақтандыру портфелін «өмірді сақтандыру» саласымен біріктіруге жатпайтын сақтандыру сыныптары (түрлері) мен қызмет түрлері бойынша табыстау мақұлданын немесе тиісті сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37-1-бабында көзделген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

4. «Жалпы сақтандыру» сақтандыру саласын «өмірді сақтандыру» саласына өзгерту жөніндегі іс-шаралар жоспары келісілсін.

5. Директорлар кеңесіне мынадай шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілсін: өмірді сақтандыру саласымен біріктіруге жатпайтын сақтандыру сыныптары (түрлері) және қызмет түрлері бойынша сақтандыру портфелін табыстау туралы, сақтандыру портфелі табысталатын сақтандырушы - иелігіне алушыны таңдау туралы.

6. Басқарма Төрағасына сақтандыру портфелін табыстау туралы шартқа қол қоюға уәкілеттік берілсін.

7. Қоғамның Жарғысы жаңа редакцияда бекітілсін. Басқарма Төрағасы Ханин О.А. мырзаға Қоғамның Жарғысына қол қоюға уәкілеттік берілсін.

8. Тапсырма:

- Атқарушы орган бизнес-жоспарды әзірлесін және оған қол қойсын;

- Директорлар кеңесі Атқарушы органның басшысы және актуарлық қызметті жүзеге асыруға күші бар лицензиясы бар актуарий қол қойған бизнес-жоспарды бекітсін.

9. Атқарушы орган осы шешімді іске асыру үшін қажетті, іс-шаралар жоспарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық іс-шаралар мен рәсімдердің белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

#### Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санының %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»	0	0

**Қабылданған шешім:** 1. «Сентрас Коммек Life» ӨСК» АҚ-ны «Коммек-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ға қосуға алдын алы келісім берілсін.

2. Директорлар кеңесі «КСЖ «Сентрас Коммек Life» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесімен бірлесіп:

2.1. қосылу туралы шартты және табыстау актісін әзірлесін;

2.2. акционерлердің бірлескен жалпы жиналысы шақырылсын және оның қарауына қосу нысанында қайта ұйымдастыру, қосылу туралы шартты және табыстау актісін бекіту туралы мәселе, сондай-ақ қайта ұйымдастыру шеңберінде шешуді қажет ететін өзге де мәселелер қойылсын.

**Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша:**

	Дауыс беретін акциялардың саны	акциялардың жалпы санының %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»	0	0

**Қабылданған шешім:** «ALMIR CONSULTING» ЖШС аудиторлық ұйымын «СК «Коммекс-Өмір» АҚ-ның 2022 жылдағы қызметінің қорытындысына аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде белгіленсін.


Жиналыс Төрағасы акционерлерге жиналысқа қатысқандары үшін алғыс айтып, «Сақтандыру компаниясы «Коммекс-Өмір» АҚ акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысын жабық деп жариялады.

**Жиналыс Төрағасы**



**Турысбеков Б.А.**

**Хатшы**




**Булгакбаева З.Д.**

**Есеп комиссиясының мүшелері**



**Джунисбеков С.А.**



**Шведкова Ю.В.**



**Ким Т.П.**